

БЕКІТІЛДІ
КАК «Әбілқас Сағынов атындағы
Қарағанды техникалық университеті»
Баскармасының
«27» 07 2025 жылғы
№ 14 хаттамасымен

**КАК «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің»
жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша
оқу ақысын төлеуге жеңілдіктерін беру туралы
ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқу ақысын төлеу жеңілдіктерін беру туралы Ереже (бұдан әрі – Ереже) НАО «Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінің» (бұдан әрі – Қоғам) білім алушыларына оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдіктер беру үшін бағытталатын Қоғамның таза табысының бір бөлігін пайдалану тәртібін реттейді.

1.2 Осы Ереже тиісті қабылдау жылындағы білім алушыларға қолданылады және Қоғамда білім алатын әртүрлі санаттағы білім алушыларды әлеуметтік қолдау шаралары жүйесін іске асыруға бағытталған.

1.3 Осы Ережеде төмендегідей ұғымдар пайдаланылады:

1.3.1 **Оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдік** – білім алушылардың белгілі бір санаттары үшін берілетін артықшылық, яғни оқу ақысын толық немесе бөліп төлеуден босату;

1.3.2 **Оқу ақысын төлеу бойынша жеңілдік** (жеңілдетілген төлем) – ақылы негізде білім беру қызметтерін көрсету туралы шарт жасалғаннан кейін білім алушылардың белгілі бір санаттары үшін оқу құнын төмендету;

1.3.3 **Ректор гранты** – Қоғам бюджеті қаражаты есебінен білім алушыға тандалған білім беру бағдарламасы бойынша оқу жоспары мен пән бағдарламаларында белгіленген көлемде оқу ақысын төлеу үшін берілетін қайтарымсыз қаржылай көмек.

2. Ректор гранты

Оқу ақысына арналған Ректор грантын оқудың толық мерзіміне немесе бір оқу жылына алу үшін ақылы негізде оқитын білім алушылар үміткер бола алады:

1) Жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар, сондай-ақ қажетті растайтын құжаттарды ұсынған жағдайда өту балын жинаған ата-анасынан айырылған немесе ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жастар қатарындағы Қазақстан Республикасының азаматтары – **100%**.

2) Мемлекеттік грант конкурсына өтпеген, бірақ ҰБТ нәтижесі жоғары (100 балдан жоғары) білім алушылар — **100%**;

3) ҚР Оқу-ағарту министрлігінің тізіліміне енгізілген «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығы ұйымдастырған республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары, сондай-ақ «IQanat High School of Burabay» мектебінің ішкі олимпиадаларының жеңімпаздары (физика, математика, биология, химия, информатика пәндері бойынша I орын алғандар) — **100%**.

3. Оқу ақысын төлеуге жеңілдік

Оқу ақысына жеңілдік алу үшін (оқудың толық мерзіміне немесе бір оқу жылына) ақылы негізде оқитын білім алушылар үміткер бола алады:

1) Мүгедек балалар, I және II топтағы мүгедектер (медициналық-әлеуметтік сараптама қорытындысына сәйкес ЖОО-да оқуға қарсы көрсетілімі жоқ болған жағдайда және растайтын құжаттарды ұсынғанда) — **50%**;

2) Көпбалалы отбасылардан шыққан балалар (кемінде 4 бала, 23 жасқа дейін) — **10%**;

3) Толық емес отбасылардан шыққан балалар, асыраушысынан айырылған жағдайда — **10%**;

4) «Алтын белгі» иегерлері — **30%**;

5) Қоғамда жұмыс істейтін оқытушылардың немесе қызметкерлердің балалары (бір ата-ана ғана, құжат тапсыру сәтінде жұмыс істеп тұрған және Қоғамда үздіксіз еңбек өтілі бар болған жағдайда):

5 жылдан 10 жылға дейін — **15%**;

10 жылдан 15 жылға дейін — **25%**;

15 жыл және одан жоғары — **50%**.

Егер ақылы бөлімде екі немесе одан да көп бала оқыса, жеңілдіктер екі және одан да көп білім алушыға беріледі.

6) Қоғамның Инновациялық технологиялар колледжінің түлектеріне, Қоғамда жоғары білім алуға түскен жағдайда — **20%**;

7) Қоғаммен меморандум жасасқан басқа колледждердің түлектеріне — **10%**;

8) Қоғам түлектері, білім беру бағдарламалары бойынша оқитындар:

магистратура — **10%**;

докторантура — **10%**;

9) Техникалық білім беру бағдарламаларының (ББ) бейіндік пәндері бойынша Қоғам ұйымдастыратын пәндік олимпиадалардың жеңімпаздары:

I орын — **15%**;

II орын — **10%**;

III орын — **5%**;

10) Шетел мемлекеттерінің азаматтары — этникалық қазақтар — **20%**;

11) Егер Қоғамда бір отбасынан күндізгі оқу нысанында ақылы негізде 2 студент оқыса — әр білім алушыға **10%** жеңілдік.

4. Жеңілдіктерді беру тәртібі

4.1 Жоғары және кейінгі білім беру бағдарламалары бойынша оқыту ақысын төлеуге жеңілдіктер беруге конкурс өткізу үшін, Басқарма-Ректордың бұйрығына сәйкес, Басқарма мүшесінің – академиялық мәселелер бойынша проректордың қызметтік жазбасына негізделе отырып, конкурс комиссиясы құрылуы қажет. Комиссия құрамында 5 және одан көп адам болады (комиссия мүшелерінің саны тақ болуы тиіс). Конкурс комиссиясына кәсіподақ ұйымдарының, оқытушылар мен қызметкерлердің, «Жас Орда» жастар ассоциациясының және факультеттер декандарының өкілдері кіреді. Конкурс комиссиясының төрағасы ретінде Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор тағайындалады.

4.2 Оқыту ақысын төлеуге жеңілдіктер алуға үміттенетін студенттер тиісті деканатта белгіленген формадағы өтінішті толтырады (Қосымша 1).

4.3 Ректордың грантын алу үшін өтініштер ағымдағы оқу жылының 20 тамызына дейін қабылданады.

4.4 Оқыту ақысын төлеуге жеңілдіктер алу үшін өтініштер ағымдағы оқу жылының 20 қыркүйегіне дейін қабылданады.

4.5 Факультет кеңестері студенттің жеке ісіне сүйене отырып құжаттар пакетін рәсімдейді, сараптама жүргізеді және оларды Комиссия қарауына ұсынады.

4.6 Комиссия оқыту ақысын төлеуге жеңілдіктер берілетін студенттер тізімін анықтайды.

4.7 Комиссияның шешімі ашық дауыс беру арқылы қабылданады және оның көпшілігі дауыспен қолданылады; шешім хаттамаға тіркеледі.

4.8 Позитивті шешім қабылданған жағдайда, Комиссия студенттерге оқыту ақысын төлеуге жеңілдіктер беруге қызметтік жазба тапсырады, ол Қоғам Басқарма отырысында бекітіледі.

5. Жалпы шарттар

5.1 Қашықтықтан оқыту технологияларын қолдана отырып, қысқартылған күндізгі оқу нысанында білім алатындарға жеңілдік берілмейді.

5.2 Білім алушы жоғарыда көрсетілген жеңілдіктердің тек біреуін ғана пайдалануға құқылы.

5.3 РФПО «Дарын» ұйымдастырған республикалық олимпиадалардың жеңімпаздары қатарынан шыққан және ҚР БҒМ (МНВО РК) тізіліміне енгізілген дарынды балаларға, сондай-ақ УО «Qanat High School of Burabay» мектебінің ішкі олимпиадаларының жеңімпаздары болып, I орын алғандарға (пәндер бойынша: физика, математика, биология, химия, информатика) конкурс рәсімін қолданбай-ақ жеңілдіктер беріледі.

5.4 Ректор гранты қосымша және қайта оқылатын пәндер бойынша шығындарды, сондай-ақ оқу пәндеріндегі айырмашылықтарды жою шығындарын қамтымайды.

5.5 Ректор грантының иегерлеріне ай сайынғы шәкіртақы төлеу қарастырылмаған.

5.6 Көрсетілген санаттағы азаматтардың көрсеткіштері бірдей болған жағдайда, жеңілдіктер ҰБТ сертификаты бойынша жоғары балл жинаған тұлғаларға беріледі.

6. Оқу ақысы бойынша жеңілдіктер мына жағдайларда тоқтатылады:

- білім алушының мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқуға ауысуы;
- білім алушының өз қалауы бойынша немесе ауыстыру тәртібімен оқудан шығарылуы;
- білім алушының немесе оның заңды өкілінің оқу ақысы бойынша жеңілдіктерден бас тартуы туралы өтініш беруі.
- білім алушының әдейі жалған ақпарат немесе шындыққа сәйкес келмейтін (жалған) құжаттар ұсынуы;
- білім алушының үлгермеушілігі үшін, шарттық міндеттемелерді бұзғаны, тәртіптік теріс қылық немесе құқық бұзушылық жасағаны үшін оқудан шығарылуы;

Жеңілдіктер тек оқу барысында жақсы нәтижелер көрсеткен білім алушыларға қолданылады (қысқы және жазғы сессия қорытындысы бойынша 70 баллдан (C+) төмен емес), жетім балаларды және грантқа конкурс арқылы өтпегендерді қоспағанда. Академиялық демалыс берілген жағдайда, білім алушыға жеңілдік сақталмайды.

7. Қорытынды ережелер

7.1 Осы Ереже Қоғамның Басқармасы тарапынан бекітіледі және жеңілдіктер алуға құқығы бар білім алушыларға қатысты қолданылады.

7.2 Осы Ережелердің орындалуын бақылау Қоғам Басқармасының мүшесіне — академиялық мәселелер жөніндегі проректорға жүктеледі.